Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының

ХАТТАМАСЫ

Шұбаркұдық кенті **№1** **26.01.2026 жыл**

Күн тәртібінде:

1. Қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2026 жылдың 19 қаңтар күні сағат ж.у. 14:00-де «Темір ауданының білім бөлімі» ММ базасында балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына және конкурсқа қатысушылардың ұсынған өтініштерінің сәйкестігін тексеру мақсатында жиналған конкурстық комиссияның отырысы болып өтті.

Қатысқандар – 9, қатыспаған – 0

Комиссия төрағасы:

1. Шабикова С.Р – «Ақтөбе облысы білім басқармасы Темір ауданының білім

бөлімі» ММ-нің басшысы м.а;

Комиссия мүшелері:

2. Сәлімгерей А.С – «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің бас маманы;
3. Кожакова М.Ж – «Темір аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» басшысы;
4. Сабенова Н.Ж – «Темір аудандық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» төрайымы;
5. Далабаев С.И – « Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің заңгері;
6. Наренов Ж.Ж – «Темір аудандық Жастар ресурстық орталығы» басшысы;
7. Болғанбай Ғ.И – «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің әдістемелік кабинетінің әдіскері;
8. Бораш А.Б – «Темір ауданының Атамекен филиалының» директоры;
9. Сабырбаев Н.Н – «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің инженері;

Хатшы:

Қайролла М.О – «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің әдістемелік кабинетінің әдіскері;

Сканировано с CamScanner

1. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурсқа қатысушы ұйымдардың **«Darabala.kz»** порталы арқылы ұсынған өтінішін қарау бойынша конкурс комиссиясының төрағасы, білім бөлімі басшысы м.а С.Шабикова отырысты ашты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы негізінде білім бөлімінің интернет сайтында конкурс талаптары және конкурс өткізілетіндігі туралы қаңтар айының 5-12 аралығында жарияланды. Нәтижесінде конкурсқа қатысушылар анықталып, Комиссиямен **«Darabala.kz»** порталы арқылы балаларға қосымша білім беруге өтініш берген жеке кәсіпкерлердің құжаттары қаралды.

Жарияланған қосымша білім берудің 4 бағыты бойынша 4 үйірмеге де өтініш түсірген кәсіпкерлер анықталды. Олар: ИП «Интеллект», ИП «Lider», ИП «Наурызғали», ИП Каусар оқу орталығы.

Құжаттар №381-бұйрықтың 4-тарау, 66, 67-тармағына сәйкес Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға үміткер ұйымдар ұсынған құжаттары қаралды ұйымдардың ғимаратының дайындығын алдын ала қарап шығу мақсатында, мекен-жайлары өтініштерінде көрсетілген мекен-жайлар бойынша анықталды.

- «ИП «Интеллект» және ИП Каусар оқу орталығы тапсырған құжаттары және ғимараты бойынша сәйкестігін тексеру барысында ҚР ОАМ-нің №381-бұйрығының 2-тарау 66-тармағының 14-тармақшасы бойынша нұсқаулыққа сәйкес терроризмге қарсы қорғау талаптары негізінде бейнебақылау камераларының сақтау жады сақталуы жоқ және 67-тармағының 8-тармақшасына бойынша ұйым басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған бейнебақылау камераларын орналастыру схемасына ғимаратта орналасқан бейнебақылау камералары сәйкес келмеді.
- Өтінім беруші «ИП «Наурызғали» ғимаратының дайын болмауына байланысты ұсынылған құжаттардың осы қағидалар талаптарына сәйкестігін айқындау үшін ұйымға баруды жүзеге асыру мүмкін болмады.
- ИП «Lider» құжаттарын тексере келе ҚР ОАМ-нің №381-ның 4-тарау 67-тармағының 9-тармақшасына сәйкес жұмыс өтілі туралы шарттарды ұсынбай, жұмыс өтілін растайды деген хат қана жолдағаны анықталды.

2. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына, конкурсқа қатысушылардың ұсынған құжаттарын қарау нәтижесінде конкурстық комиссия **ШЕШТІ:**

Сканировано с CamScanner

1) Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша құжат тапсырған «ИП «Интеллект», ИП Каусар оқу орталығы, «ИП «Наурызғали», ИП «Lider» ҚР ОАМ-нің №381-ның 2-тарау, 72, 73-тармақтарына сәйкес **мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізіміне енгізуден бас тартылсын.**

Дауыс берілді:
«Қолдайды» - 9 (тоғыз дауыс);
«Қарсы» - 0 (жоқ);
«Қатыспаған» - 0

3. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша хаттаманың шешімі «Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің интернет ресурсында орналастырылсын.

Комиссия төрағасы: С.Шабикова

Комиссия мүшелері: А.Сәлімгерей

Н.Сабенова

С.Далабаев

М.Кожакова

Ж.Наренов

А.Бораш

Н.Сабырбаев

Ғ.Болғанбай

Комиссия хатшысы: М.Қайролла

Сканировано с CamScanner